

Тарихи-мәдени мұраны зерттеу,
реставрациялау және қорғау
орталығы басшысының
2024 жылғы 01 ақпандағы
№01-03/8 бұйрығына
1 қосымша

Тарихи-мәдени мұраны зерттеу,
реставрациялау және қорғау
орталығы басшысының
2023 жылғы 01 ақпандағы
№01-03/4 бұйрығымен бекітілген

**Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени
мұраны зерттеу, реставрациялау және қорғау орталығы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің Археологиялық зерттеулер бөлімінің
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Археологиялық зерттеулер бөлімі (бұдан әрі-Бөлім) Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени мұраны зерттеу, реставрациялау және қорғау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-Орталық) құрылымдық бөлімшесі болып табылады, зерттеу функциясын жүзеге асырады.

2. Бөлім Орталық басшысының бұйрығымен құрылады және таратылады.

3. Бөлім ғылыми-зерттеу бөлімін құру туралы бұйрыққа қол қойылған сәтінен бастап құрылған болып саналады.

**2. Археологиялық зерттеулер бөлімінің
мақсаты және негізгі қызмет түрлері**

4. Бөлім қызметінің мақсаты тарихи-мәдени мұраны зерттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру болып табылады.

5. Алға қойылған мақсатқа жету үшін Бөлім мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер жүргізеді;
- 2) археология ескерткіштері бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жинайды, өңдейді, талдайды және жинақтайды, есеп берулерді дайындайды;
- 3) тарихи-мәдени сараптама жүргізеді;
- 4) мүдделі органдармен бірлесіп қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафтты айқындау жөніндегі жобаларды әзірлейді;

5) ғылыми басылымдарда ғылыми жарияланымдар үшін материалдар дайындайды;

6) археология ескерткіштері мен археологиялық зерттеулер бойынша ғылыми-анықтамалық материалдарды, каталогтарды дайындау бойынша жұмысты орындайды;

7) археология бойынша ғылыми баяндамалар дайындайды; олармен теориялық семинарларда, конференцияларда сөз сөйлейді;

8) Қазақстан Республикасы мен Қостанай облысының тарихи-мәдени мұрасын көпшілікке танымал ету мақсатында БАҚ-пен, оқу орындарымен, қоғамдық ұйымдармен және мемлекеттік органдармен байланысты жүзеге асырады.

6. Бөлімнің осы Ережеде бекітілген қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ.

3. Археологиялық зерттеулер бөлімін басқару

7. Бөлімді жалпы басқаруды Орталық басшысы жүзеге асырады.

8. Орталық басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Бөлімге мүлікті бекітеді;
- 2) Бөлімнің Ережесін бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Бөлімге бекітілген мүлікті алып қоюға не бөлімдер арасында мүлікті қайта бөлуге құқылы;
- 4) Бөлімнің жұмыс жоспарын бекітеді;
- 5) Бөлім мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 6) Бөлім қызметкерін қызметінен босатады және қабылдайды;

9. Бөлім басшысы Орталық басшысының бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

10. Бөлім басшысы бөлімнің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Орталық басшысына тікелей бағынады және Бөлімнің жұмыс жоспарының орындалуына дербес жауапты болады.

11. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Бөлім қызметінің мәселелерін оның лауазымдық міндеттеріне сәйкес дербес шешеді.

12. Осы Ережеге сәйкес бөлім басшысы:

- 1) қолданыстағы заңнамаға сәйкес келесі жылға археологиялық жұмыстар жүргізу бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 2) зерттеу әдістерін қолдану бойынша өз бетінше шешім қабылдайды;
- 3) ғылыми-зерттеу қызметі мен далалық жұмыстарға басшылық жасайды;
- 4) Бөлім жоспарын әзірлейді;
- 5) Орталық басшысына бөлім қызметкерін көтермелеу және тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныс енгізеді.